ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 15 тамыз №4360-24-00-2/1793 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: судья Н.Б.Еламанов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «№2 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Зейнепхан Науатовна Спатаева дара кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,**сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «№2 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер Зейнепхан Науатовна Спатаева дара кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер Зейнепхан Науатовна Спатаева дара кәсіпкері шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер Зейнепхан Науатовна Спатаева дара кәсіпкерінен мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбы 1 620 (бір мың алты жүз жиырма) теңге және сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 1 895 (бір мың сегіз жүз тоқсан бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 22.08.2024
Заңды күшіне енген күні: 02.10.2024, судья Еламанов Н. Б., 03.10.2024
4360-24-3-1/1898

Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Н.Б. Еламанов**

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 22.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.10.2024, судья Еламанов Н. Б., 03.10.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

4360-24-3-1/1898